

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ



ЖАС ҒАЛЫМДАР КЕҢЕСІ



Студенттер мен жас ғалымдардың
«ҒЫЛЫМ ЖӘНЕ БІЛІМ - 2016» атты
XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«НАУКА И ОБРАЗОВАНИЕ - 2016»

PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«SCIENCE AND EDUCATION - 2016»

2016 жыл 14 сәуір
Астана

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ**

**Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2016»
атты XI Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ**

**СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
XI Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2016»**

**PROCEEDINGS
of the XI International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2016»**

2016 жыл 14 сәуір

Астана

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

Ғ 96

Ғ96 «Ғылым және білім – 2016» атты студенттер мен жас ғалымдардың XI Халық. ғыл. конф. = XI Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2016» = The XI International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2016» . – Астана: <http://www.enu.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie/>, 2016. – б. (қазақша, орысша, ағылшынша).

ISBN 978-9965-31-764-4

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

ӘӨЖ 001:37(063)

КБЖ 72:74

ISBN 978-9965-31-764-4

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2016

января 2016 года минимальный размер заработной платы утвержден в размере 22 859 тенге, прожиточный минимум составляет 22 859 тенге[3,с.34].

Основываясь на вышеизложенном, мы пришли к следующему выводу :

В связи с различными экономическими явлениями, происходящими у нас в стране , в том числе инфляции. Экономика нашей страны приспособлялась к данным экономическим изменениям.

В связи с этим происходили и изменения бюджетных показателей по труду.

Каждый показатель имеет свою динамику изменений за определенный период. Данные изменения оказывали только положительное влияние на экономику нашей страны и на уровень благосостояния населения в целом.

Но опираясь на мировой опыт, имеются такие минусы как то, что данные утвержденные показатели по труду не соответствуют статусу развивающейся страны.

К примеру минимальный прожиточный минимум за этот год составил 22 859 тг, что значительно меньше, чем должно быть в развивающихся странах.

То есть одной из проблем, оказывающих отрицательное влияния на бюджетные показатели, является влияние инфляции, а так же проектов, также использовать не использованные денежные средства местных акиматов.

Это недостаток денежных средств в бюджете страны.

Для улучшения бюджетных показателей нами предлагается сократить финансирования различных мало значимых тим мы пополняем республиканский бюджет и данное пополнения можно направить на увеличения бюджетных показателей по труду.

При выполнении данных предложении мы гарантируем улучшение базовых бюджетных показателей по труду то есть их изменения в сторону увеличения.

При это мы по праву сможем соответствовать статусу развитой страны.

Список использованных источников:

1. Афонина М., Рассохина М. Тенденции рынка труда и динамика заработных плат. // Управление персоналом. 2005. №12.
2. Адамчук В.В. и др. Экономика труда: Учебник. М.: ЗАО «Финстатинформ». 2007.
3. Трудовой Кодекс РК
4. Волобуев Г. Премирование работников.
5. Интернет – ресурс: Zakon.kz

ӘОЖ 657.2222 Т-25

ЭКОЛОГИЯЛЫҚ ТАЗА ӨНІМДІ ӨНДІРУДІҢ ҚАЗАҚСТАНДАҒЫ ҚАЗІРГІ ЖАҒДАЙЫ МЕН ОЛАРДЫҢ САПАСЫНА ЖҰМСАЛАТЫН ШЫҒЫНДАР ЕСЕБІ

Ахметова Айжан Мирамбекқызы

aijan_377@mail.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Есеп және аудит» мамандығының

3 курс студенті, Астана, Қазақстан

Ғылыми жетекшісі: Н.Таштанова

Еліміз 2015 жылдың 30 қарашасында Дүниежүзілік Сауда Ұйымына ресми түрде мүше болды. Осындай өзгерістерден соң отандық тауар өндірушілердің өнімдері мен қызмет сапасына қойылатын талап артып отыр. Ал экологиялық таза өнім өндірісі әлемдік нарыққа шыққан біздің отандық ұйымдардың рентабельділігі мен бәсекеге қабілеттілігін арттыруымен қатар, халықымыздың орташа өмір сүру деңгейінің өсуіне, генетикалық ауытқулардың азаюына, иммунитеттің нығаюына ықпалы зор.

Елімізде экологиялық өндірістің дамуы жөнінде ірі масштабты саяси және экономикалық алғышарттар қалыптасқан. Сол себепті, мемлекет басшысы ауыл шаруашылығы өніміне артып отырған жаһандық сұраныс жағдайында ауқымды жаңғырту жұмыстарын жүргізу қажеттігін айтып, Қазақстан ауыл шаруашылығы кешенінің заңнамалық базасын өзгертуді, жетілдіруді, ұлттық бәсекеге қабілетті брендтер құруды тапсырған болатын. Осыған байланысты 2015 жылғы 27 қарашада «Органикалық өнім өндіру туралы» ҚР № 423-V Заңы [1] мен «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне органикалық өнім өндіру және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР № 424-V Заңы[2] қабылданды.

Заң елімізде органикалық өнім өндіруді дамыту үшін қолайлы жағдайды қалыптастыруды, табиғи ресурстарды сақтап, тамақ өнімдерінің сапасын арттыруды көздейді. Заңда қазақстандық сапалы, экологиялық таза азық өнімдерінің экспортын ұлғайту шаралары қарастырылған. Бұл орайда қазіргі кезде органикалық өнім өндіру әлемде қарқынды дамып келетінін атап айтуымыз керек. Мысалы, осы онжылдықта органикалық өнім көлемі дүниежүзі бойынша 250 млрд. долларға немесе қазіргі уақытпен салыстырғанда 14 есеге өседі деп күтілуде. Зерттеу барысында бұл өнімді көп өндіріп, тұтынатын Еуропалық Одақ, АҚШ пен Канада секілді елдер екендігін анықталды. Ал, қазіргі кезде үлкен өзгерістер Оңтүстік Американың біраз елдерінде, Африка елдерінде, Қытай, Үндістан мен Индонезияда байқалып отыр. ТМД елдерінің көпшілігі болса, біздің деңгейімізде, яғни заңнамалық база, ішкі регламент, басқа да реттеу құралдарын халықаралық стандарттарға лайықтап жатыр.

Дегенмен де, Қазақстан өзін экологиялық таза өнім өндіруші мемлекет деп сенімді түрде айта алады. Бұл туралы «Дүниежүзілік сауда ұйымына мүшелік ету жағдайында Қазақстанның агроөнеркәсіптік кешенінің даму перспективалары» тақырыбында өткен панельдік сессия барысында ҚР Премьер-министрінің бірінші орынбасары Бақытжан Сағынтаев:

- Қазіргі таңда Қазақстан өзін экологиялық тұрғыдан алғанда таза өнім өндіруші мемлекет деп сенімді түрде айта алады. Еліміздегі табиғи жайылым жерлердің орасан зор қоры мен онда тыңайтқыштардың минималдық көлемде қолданылуы бізге бәсекеге қабілеттілікті, әрі экологиялық тұрғыдан алғанда таза өнімді өндіруге мүмкіндік береді,- деп мәлімдеді. [3]

Олай болса, ҚР экологиялық таза өнімдер нарығын толығырақ зерделейік. Ол үшін, алдымен нарықты ішкі және сыртқы деп бөліп алуымыз керек. ҚР-ның ішкі нарығының импорттық сипатын, жоғары бағадағы премиум-класстық экологиялық таза өнімдер тобын ұсынатын шетелдік ұйымдардың басымдығынан айқын көруге болады. Ал, сыртқы нарықта әлемдік экспорттағы Қазақстанның үлесі 0,18 % ғана құрайды. Көрсеткіштің өте төмен екендігіне байланысты елімізде экспорт бағытты өндірісті, оның ішінде таза өнімдер шығару саласын дамыту керек екендігі уақыт талабы. Бір сөзбен айтқанда – әлемдік нарықты санмен емес, сапамен алу қажеттілігі күн тәртібіндегі іс.

Елімізде экспорт нарығын дамытуға мүмкіндік өте жоғары. Себебі, Қазақстандық өнімдер халықаралық стандарттарға сәйкес және экологиялық таза өнімдердің әлемдік нарығында бәсекеге қабілетті. Біз бұл тұжырымды келесі себептермен түсіндіреміз:

- отандық дәнді-дақылдар батыста аз немесе мүлдем өсірілмейді, ал кейбір отандық өнімдердің - мысалы, жабайы жидектер, саңырауқұлақтар, қарағай жаңғақтары, дәрілік өсімдіктердің – әлемде аналогтары жоқ. Сарапшылардың пікірінше, Қазақстанда экологиялық өсімдік шаруашылығы, тұқым шаруашылығы, техникалық дәнді-дақылдар мен жабайы өсімдіктерді өсіру сияқты салалары перспективалық болып табылады;

- Қазақстандағы жердің үлкен қоры да маңызды факторлардың бірі, себебі экожүйелердің тұрақтылығы биологиялық түрлердің әртүрлілігі мен территорияның ауданымен анықталады. Яғни, неғұрлым территория үлкен және флора мен фаунаының түрлері көп болған сайын, соншалықты экожүйе антропогендік және техногендік факторлардың зиянды әсеріне тұрақтылығын сақтайды;

- біздің елімізде пайдаланылатын органикалық және минералды тыңайтқыштар көлемі көптеген дамыған елдерге қарағанда, мысалы Қытаймен салыстырғанда 23 есе аз, АҚШ-пен салыстырғанда 11 есе аз болып табылады. Сонымен қатар, ҚР-ның әр түрлі салаларында зиянкестер мен алқаптардағы аурулардан қорғауға арналған химиялық құралдар әлдеқайда аз қолданылады. Бұдан шығатын қорытынды, отандық азық-түлік өнімдерінде импорттық өнімдерге қарағанда химиялық заттар әлдеқайда аз, бұл отандық өнімдерге Қазақстанның ішкі нарығымен қатар, әлемдік нарықта да сұранысының арттыруға негіз болып табылады.

Міне, жоғарыда көрсетілгендей еліміз экологиялық таза өнім шығаруға қауқарсыз емес. Тіпті қазірдің өзінде, ҚР Ауыл шаруашылығы министрлігінің баспасөз қызметі таратқан хабарламада Қазақстанда 77 ауыл шаруашылығы кәсіпорны экологиялық таза өнім шығарады деп көрсетілген.[4]

Ал, басқа да кәсіпорындардың экологиялық таза өнім өндіруге көзқарасын білу мақсатында Ауылшаруашылық және азық-түлік саясаты жөніндегі комитет 332 қазақстандық ауыл шаруашылық кәсіпорындарына жүргізген сауалнама нәтижелерімен таныстыруды жөн санадық. Сауалнама нәтижесінде келесілер анықталды:

- шаруашылықтарының 1% химиялық пестицидтер мен тыңайтқыштарды ешқашан пайдаланбаған;
- кәсіпорындардың 53% экологиялық таза технологияларды енгізуге тырысқан;
- кәсіпорындардың 62% Қазақстанда экологиялық таза өнімдер үшін нарық жоқ деп санайды;
- кәсіпорындардың 72%-ы қазірдің өзінде экологиялық таза технологияларды пайдаланып жатырмыз деп санайды;
- өндірушілердің 89%-ы экологиялық таза өнім өндіру үшін сертификат қажет деп санайды;
- өндірушілердің 61% өндірістік шығындар экологиялық әдістер арқылы қысқартатын болады деп санайды;
- респонденттердің 36% -ы экологиялық таза өндіріс пайданы тез әкеледі деп санайды;
- респонденттердің 50%-ы экологиялық таза өндірісті бастауға дайынбыз деп санайды. [5]

Бұдан отандық өндірушілердің көпшілігі экологиялық таза өнім шығаруға ынталы екендігін байқаймыз. Егер де осы өндірушілер экологиялық таза өнім шығаруға көшсе, оларға мемлекеттік қолдаулар бар екендігін атап өткен жөн. Мәселен, соңғы 3 жыл көлемінде ҚР Үкіметінің тапсырмасы бойынша «ЭКО» жобасының «Құс етін және жұмыртқа өндірушілерін субсидиялау ережелеріне» сәйкес «ЭКО» сертификаты бар ұйымдар екі рет субсидия алуына мүмкіндігі бар. [6]

Қазіргі замандағы әлемдік бәсекелестік ортадағы ұйымдардың көпшілігі тұтынушылардың қызығушылықтарын қанағаттандыруға басым бағыт береді. Ал, тұтынушылар өз кезегінде қызмет көрсетудің жоғарғы деңгейін, өнімдердің сапалы және әртүрлілігін талап етеді. Осылайша, сапа бәсекеге қабілеттіліктің негізгі көрсеткіштерінің бірі болып табылады, сондықтан да сапалы өнімдер мен қызметтер шығарумен белсенді түрде айналысу қоғам талабы.

Соңғы жылдары Ұлыбританиядағы сапаны қамтамасыз ету институты (Institute of Quality Assurance), Америкалық сапаны басқару қоғамы (American Society for Quality Control) және сапа бойынша Еуропалық бірлестік (European Organisation for Quality) секілді ұйымдардың баспаларында жарияланған мәліметтерге сүйенсек, әлемдегі көптеген мемлекеттерде сапаға қатысты шығындардың көлемі сатудан түскен компанияның жалпы кірісінің 2-ден 20% аралығында құбылады. Мұндағы шығындар көп болғанымен, сапаны жоғарылату арқылы кірісті көбейтуге және өзге де шығындарды елеулі түрде үнемдеуге мүмкіндік береді. Яғни, осы тұста экологиялық таза өнім шығаруда оның сапа шығындарына да баса назар аударуымыз қажет.

Сапа шығындары дегеніміз өніммен тұтынушыларды қанағаттандыруды қамтамасыз ету үшін, ұйымның тиісті шегетін шығындары. Біз экологиялық таза өнімнің сапасына кететін шығындарды қарастырмастан бұрын, алдымен жалпы сапа шығындарының түрлеріне тоқталуды дұрыс деп санаймыз.

Сапа менеджментінің теориясында сапа шығындарын бөлудің екі негізгі бағыты бар:

- А. Фейгенбаум тәсілі;
- Ф. Кросби тәсілі.

А. Фейгенбаум тәсіліне сәйкес шығындар төрт категорияға бөлінеді:

- ескертетін шараларға шығындар - ақаулардың пайда болу мүмкіндіктерін алдын-ала болдырмау шығындары, яғни ақау немесе залалдың пайда болу мүмкіндіктерін төмендету немесе толық болдырмауға бағытталған шығындар;

- бақылауға шығындар - сапаның жеткен деңгейін растауға және анықтауға шығындар;

- ішкі шығындар (ішкі ақауларға шығындар) – мекеме ішінде келтірілген шығындар (өнім тұтынушыға сатылмай тұрып), белгіленген сапа деңгейіне жетпеген;

- сыртқы шығындар (сыртқы ақауларға шығындар) – мекеменің сыртында келтірілген шығындар (өнім тұтынушыға сатылғаннан кейін), белгіленген сапа деңгейіне жетпеген; [7]

Осы шығындардың жиынтығы сапаға кеткен жалпы шығындарды береді.


Ал, Ф.Кросби болса сапаға шығындар классификациясының басқа түрін ұсынды. Ол сапаға шығындарды екі категорияға бөлді:

- сәйкестікке шығындар - бірінші реттен барлығын дұрыс және сапалы істеу үшін шегуі тиіс шығындар;

- сәйкессіздікке шығындар - бірінші реттен дұрыс істелмеген және сапасыз тауарлардың әсерінен болатын шығындар; [8]

Аталған екі ғалымның тұжырымдамаларын салыстырар болсақ, А.Фейгенбаум тәсіліндегі алғашқы екі шығындар, яғни «ескертетін шараларға шығындар» мен «бақылауға шығындар» Ф.Кросби әдісіндегі «сәйкестікке шығындарға» жатқызуға болады. Бұл шығындарды нольге жеткізу мүмкін емес, себебі сапаны бақыламай және алдын-алу шараларын жасамай сапаны жоғары деңгейге жеткізе алмаймыз.

Ал, «ішкі шығындар» мен «сыртқы шығындар» болса «сәйкессіздікке шығындарға» сәйкес келеді. Себебі ұйым ішіндегі немесе сыртқы, яғни тұтынушыға сатылғаннан кейінгі анықталған ақау болсын ол ұйымға шығын келтіреді. Аталған шығындарды азайту мүмкін болып табылады, сондықтан да оларды идеалды түрде нөлге жеткізу қажет. Аталған екі ғалымның классификациясының бірігуін төмендегі 5 суреттен көруге болады.



Сурет 5 - Сапаға жұмсалатын шығындар құрылымы

Ендігі кезекте осы теориялық білімімізді тәжірибиеде қолданылуымен түсіндіріп көрелік. Ол үшін біздер экологиялық таза сүт өнімін мысал ретінде таңдап алдық. Соған сәйкес сүттің сапасына жұмсалатын шығындарды жоғарыда көрсетілген сызба негізінде 5-Кестеде ашып қарастырайық.

Кесте 5 - Экологиялық таза сүттің сапасына жұмсалатын шығындар

№ р/с	Сапаға жұмсалатын шығындардың түрлері		Сүттің сапасын жұмсалатын шығындар атауы
1	Сәйкестікке шығындар	Ескертетін шараларға шығындар	Сапа жүйесін жоспарлауға, оның жүзеге асуы үшін қолдап отыруға, стандарттарға сәйкес сүттің сапасын көтеруге, жетілдіруге, т.б. кететін шығындар
		Бақылауға шығындар	Жоспарланған техникалық, экологиялық және т.б. талаптарға сәйкестігін анықтау үшін ұйым шегетін шығындары, бақылаушы қызметкердің еңбекақысы, талаптарға сәйкестікті өлшейтін арнайы құралдар амортизациясы, сапаны техникалық бақылау бөлімінің үстеме шығындары және т.б.
2	Сәйкессіздікке шығындар	Ішкі шығындар	Сүттен тұтынушыға сатылмай тұрып анықталған ақауларға шығындар, стандарттарға сәйкес келмейтін есептен шығарылған сүттің құны, ақаудың пайда болу себептерін анықтауға шығындар, т.б.
		Сыртқы шығындар	Сүттен тұтынушыға сатылғаннан кейінгі анықталған ақауларға шығындар, ақау табылған сүттің орнын толтыруға кеткен шығындар, сот істеріне кеткен шығындар, компенсация және т.б.

Қорытындылай келе, экологиялық таза өнім өндірісі Қазақстанда бұрын дамымаған сала болғанымен, қазіргі нарықтық жағдайларда бұл өнімдерге сұраныстың артуына байланысты, өндірушілер экологиялық таза өнім өндіруге басым бағыт беруде. Сондықтан да бұл саланы дамыту бүгінгі күннің басты мәселесі. Сонымен қатар, қазіргі нарықтық экономика жағдайында тұтынушылар тауарлардың бағасына, түріне және ең бастысы сапасына мән беретіні айқын. Сондықтан да бәсекеге қабілетті барлық ұйымдар сапалы тауарларды шығаруға ұмтылуда. Ал кәсіпорын үшін өнімнің сапасымен байланысты барлық шығындарды есепке алу және басқару табысты ұлғайту үшін маңызды критерий болып табылады.

Қолданылған әдебиет:

1. 2015 жылғы 27 қарашада «Органикалық өнім өндіру туралы» ҚР № 423-V Заңы
2. 2015 жылғы 27 қарашада «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне органикалық өнім өндіру және агроөнеркәсіптік кешенді дамыту мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» ҚР № 424-V Заңы
3. Электрондық ресурс, <http://bnews.kz>
4. Электрондық ресурс, <http://saryarka-samaly.kz>
5. Д.Т.Омарова, Д.А.Маметьев, Ж.Б.Рахметулина «Развитие рынка экологических продуктов в Казахстане», <http://group-global.org>
6. Электрондық ресурс, <http://www.ecobio.kz>
7. А. Фейгенбаум Контроль качества продукции. - Из-во: Экономика, 1986, с.471
8. Philip B.Crosby Quality and Me:Lessons from an Evolving Life,2003, с.264